

М. Ракыш, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: М. Мәсәлімқызы, мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы)

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ — МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ ҚАЗЫНАСЫ

Батыс тәжірибесі — біздің болашағымыз. Адам құқығы — заңда көрсетілген саладағы мемлекет белгілеген және кепілдік беретін адамның мүмкіндіктері мен өкілеттіктері. Мемлекет заңда көрсетілген салада адамның іс-әрекетінің заңдылығын қамтамасыз етуге және қорғауға міндеттеме қабылдайды. Адам құқығы және бостандығы адамның құқықтық мәртебесін белгілейтін, оның жағдайын бекітетін, жеке тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынасты, адамның және мемлекеттің қатынастарын бекітетін халықаралық және ұлттық нормаларының жүйесін білдіреді. Адам құқығы табиғи қасиетке ие және жеке адамнан ажырамайды, олар аумақтық немесе ұлттық шеңбермен шектелмейді, халықаралық құқықтық реттеу және қорғау объектісі ретінде мемлекеттің заң актілерінде бекітілгенге қарамастан тәуелсіз болып табылады. Олар адамды сипаттап және оның қалыпты өмір сүруіне қажетті жалпы әрі негізгі өкілеттіктері болады. Адам құқығы мемлекеттің нақты заң актілерінде белгіленген жағдайда олар осы мемлекет азаматының құқықтары болып табылады.

Адам құқықтары категориясы — индивидтің құндылығы жөнінде, тұлға еркіндігін қамтамасыз ететін құқық пен оның негізінде құрылған тәртіп жөнінде көзқарастарды қалыптастырған жоғары гуманистік мәдениетті туындатқан христиан дініне негізделген еуропалық өркениеттің даму нәтижесі екенін айтып кеткеніміз жөн.

Адам құқықтарының бүгінгі түсінігі либерализмнен бастау алады, ал оның көрнекті өкілдері Локк, Гроций, Монтескье, Джефферсон, Смит, Милль және т. б. болған. Осы ғұламалар адамның өмір сүруге, қауіпсіздікке, еркіндікке қарсы қарсылық көрсетуге және т.б. іргелі құқықтарын мемлекеттен тәуелсіз және онымен қорғалуға тиісті адам жүріс-тұрысының табиғи, ажырағысыз және қасиетті нормалары ретінде негіздеген еді. Бұл жағдайда адам құқықтарының табиғи, жаратылыс сипаты дегеніміз — олардың адам туғаннан пайда болуы, адам құқықтарының ажырамасыздығын және оларсыз индивидті қоғам мүшесі, нағыз әлеуметтік субъекті қылатын ерекше адамдық қасиеттерден айырылу қатері пайда болатын олардың индивидке тірі жан ретінде тән болуы, ал адам құқықтарының қасиеттілігін оларды ең жоғары құндылықты мәртебе ретінде қарастырғандықтан, сыйлау, құрметтеу және оларға табыну деп түсінуімізге болады.

Адам құқығын анықтау және оларды қорғау әрбір елде толыққанды жүргізілуі қажет. Бұл тезистің мақсаты — адам құқығын қорғаудың негізін қалаушы елдердің жолын қуу, жоғарыда аталған ғұламалардың тәжірибелері мен әдістемелерін пайдалана отырып, ел азаматтарын өз адам құқығын білуге, өзге азаматтардың құқығын қорғауға баулу.